

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені**Мамандығы: халықаралық құқық****Шифр: 5В030200****Пән: ҚР және шет елдердің әлеуметтік қамсыздандыру құқығы****ГЛОССАРИЙ****Демалыс уақытының түсінігі**

Демалыс уақыты қызметкердің еңбек міндеттерін орындаудан бос және оны өз қалауы бойынша пайдаланатын уақыты. Оның еңбек заңдарына сәйкес мынадай түрлері бар:

- 1) демалуға және тамақтануға арналған үзіліс;
- 2) күн сайынғы демалыс;
- 3) демалыс күндері;
- 4) мереке күндері;
- 5) демалыстар.

Демалуға және тамақтануға арналған үзіліс. Күнделікті жұмыс (ауысым) ішінде қызметкерге демалу және тамақтану үшін жинақтап алғанда ұзақтығы бір сағаттан кем болмайтын үзіліс беріледі. (ЕтЗ-ның 53-бабы). Заңда үзілістің тек төменгі ұзақтығы ғана белгіленген. Үзілістің мейлінше ұзақтығы өндіріс сипаты мен ауысым кестесіне сәйкес белгіленеді. Бұл үзіліс жұмыс уақытына енгізілмейді және оны қызметкер өз қалауы бойынша пайдаланады. Үзіліс беру уақыты оның ұзақтығы жұмыс берушінің актілерінде, жеке еңбек, ұжымдық шарттарда белгіленеді. Түскі үзіліс төрт сағат жұмыс істегеннен кейін беріледі. Өндіріс жағдайлары бойынша үзіліс беру мүмкін емес жұмыстарда жұмыс беруші қызметкерге жұмыс уақытында демалу мен тамақтану мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. Мұндай жұмыстардың тізбесі, демалу және тамақтану тәртібі мен орны жұмыс берушінің актілерінде белгіленеді.

Арнаулы үзілістер. Еңбек заңының 54-бабында жылдың суық мезгілінде ашық далада, жылу берілмейтін жабық үй-жайларда жұмыс істейтін, жүк тиеу-түсіру жұмыстарымен айналысатын қызметкерлерге жылыну және демалу үшін арнаулы үзілістердің берілетіні көзделген. Бұл үзілістер жұмыс уақытына қосылады және жұмыс берушінің актілерімен айқындалып, ұжымдық, жеке еңбек шарттарында белгіленеді.

Күн сайынғы демалыс. Жұмыстың бітіуі мен оның келесі күнде (ауысымда) басталуы арасындағы демалыс күн сайынғы демалыс болып есептеледі. Оның ұзақтығы жұмыс уақытының режиміне байланысты, бірақ 12 сағаттан кем болмауы тиіс (ЕтЗ-ның 55-бабы).

Демалыс күндері. Қызметкерлерге апта сайынғы үзіліссіз демалыс уақыты, яғни демалыс күндері беріледі. Бес күндік жұмыс аптасы жағдайында қызметкерлерге аптасына-екі, ал алты күндік жұмыс аптасында бір демалыс күні беріледі.

Жалпы демалыс күні жексенбі болып есептеледі. Бес күндік жұмыс аптасы кезінде екінші демалыс күні жұмыс берушінің актісімен немесе жұмыс кестесімен белгіленеді. Екі демалыс күні де, әдетте қатарынан беріледі.

Мереке күндері. Заң бойынша күнтізбелі жыл ішінде қызметкерлермен жұмыс істемейтін мереке күндері мыналар: 1-2 қаңтар-Жаңа жыл; 8-наурыз-халықаралық әйелдер күні, 22 наурыз-Наурыз мейрамы, 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесі; 9 мамыр-Жеңіс күні, 30-тамыз-Қазақстан Республикасы Конституциясының күні, 25 қазан-Республика күні (бұл күн ұлттық мереке болып жарияланған), 16 желтоқсан-Тәуелсіздік күні. (Заң күші бар «Қазақстан Республикасындағы мереке күндері туралы» Қазақстан Республикасының Президентінің 1995 жылғы 18 қазандағы №2534 Жарлығы).

Ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысы. Жыл сайынғы еңбек демалысы- қызметкерлерге жұмыс орны (қызмет) мен еңбек жалақысы сақтала отырып, жыл сайын күнтізбелік күн есебінен берілетін заңда көзделген үзіліссіз демалыс. Еңбек демалысы жеке еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін барлық қызметкерлерге беріледі. Ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысн берудің талаптары мен тіртібі жеке еңбек, ұжымдық шарттармен белгіленеді. Еңбек демалысына ақы төлеу ол басталғанға дейін күнтізбелік үш күннен кешіктірілмей жүргізіледі.